

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілісіне материалдардың уақтылы дайындалуын қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1998 жылғы 19 маусымдағы N 119-Ә

1998 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жұмыстардың қортындылары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілісіне материалдардың уақтылы дайындалуын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі министрліктермен, ведомстволармен және басқа да мемлекеттік органдармен, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесе отырып, 1998 жылдың 10 шілдесіне дейін мыналарды дайындалап, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынатын болсын:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілісінде қарau үшін 1998 жылдың бірінші жартыжылдығындағы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары турали баяндама;

1998-2000 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар жоспарының орындалу барысы турали баяндама;

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне берген сегіз нақты тапсырмасының орындалу барысы турали баяндама.

2. Министрліктер, ведомстволар және басқа да мемлекеттік органдар 1998 жылдың 5 шілдесіне дейін тиісті министрліктер мен экономика секторларының 1998 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жұмысының қорытындылары бойынша материалдарды дайындалап, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне ұсынын.

3. Министрліктер, ведомстволар және басқа да мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері 1998 жылдың 2 шілдесіне дейін 1998-2000 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар жоспарының және Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне берген сегіз нақты тапсырмасының орындалу барысы турали ақпаратты дайындалап, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне ұсынын.

4. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1998 жылдың 5 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне зейнетакы реформасының жүзеге асырылу

**б а р ы с ы**

**т у р а л ы**

**а қ п а р а т т ы**

**ұ с ы н с ы н .**

5. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1998 жылдың 5 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне мемлекеттік және мемлекеттік емес зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің пайдалануының жай-күйі туралы ақпаратты ұ с ы н с ы н .

6. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1998 жылдың 5 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне ұстіміздегі жылдың бірінші жартышылдығында елдегі қоррыногын дамыту бағдарламасының орындалу барысы туралы ақпаратты ұ с ы н с ы н .

7. Министрліктер, ведомстволар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері 1998 жылдың 5 шілдесінде дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің хаттамалық шешімінің жобасына енгізу үшін жоғарыда аталған мәселелер бойынша ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне ұснысын .

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне 1998 жылдың 5 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне мемлекеттің ақша-несие саясатының негізгі бағыттарының іске асырылу барысы туралы, елдің 1998 жылдың бірінші жартышылдығындағы төлем балансының жай-күйі туралы және банк жүйесін дамыту жөніндегі ұстіміздегі жылдың аяғына дейін көзделіп отырған шаралар туралы материалдарды тапсыру ұсынылсын.

**П р е м ье р - М и н и с т р**